

БЕКІТЕМІН

«ІТ және жаңа технологиялар
жоғары колледжі» КМҚК директоры

Ш.К.Кумашева



**Құқық бұзушылықтардың алдын алу кеңесінде есепке қою тәртібі туралы
ереже**

Семей

стр. 1 из 4

1. Негізгі ұғымдар

1.1. Негізгі ұғымдар:

- **Кәмелетке толмаған** – он сегіз жасқа толмаған тұлға;
- **Қадағалаусыз қалған** – ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің не лауазымды тұлғалардың тәрбиелеу, оқыту және (немесе) асырау жөніндегі міндеттерін орындамауы салдарынан мінез-құлқына бақылау жасалмайтын кәмелетке толмаған тұлға;
- **Баспанасыз** – тұрғылықты және (немесе) уақытша мекенжайы жоқ қадағалаусыз қалған кәмелетке толмаған;
- **Әлеуметтік қауіпті жағдайда жүрген кәмелетке толмаған** – қадағалаусыздық немесе баспанасыздық салдарынан өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін жағдайда жүрген, не тәрбиелену немесе асырау талаптарына сай келмейтін жағдайда болған, не құқық бұзушылық немесе қоғамға қарсы әрекеттер жасаған тұлға;
- **Қоғамға қарсы әрекеттер** – кәмелетке толмағанның жүйелі түрде есірткі, психотроптық немесе масайтатын заттарды, алкоголь және спиртті өнімдерді, сыра мен құрамында спирт бар сусындарды қолдануы, жезөкшелікпен, қаңғыбастықпен немесе тіленшілікпен айналысуы, сондай-ақ өзге адамдардың құқықтары мен мүдделерін бұзатын іс-әрекеттер;
- **Әлеуметтік қауіпті жағдайда жүрген отбасы** – құрамында әлеуметтік қауіпті жағдайда жүрген балалар бар немесе ата-аналары (заңды өкілдері) балаларды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) асырау міндеттерін орындамайтын, не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін, не оларға қатыгездік танытатын отбасы;
- **Жеке профилактикалық жұмыс** – әлеуметтік қауіпті жағдайда жүрген кәмелетке толмағандар мен отбасыларды дер кезінде анықтау, әлеуметтік-педагогикалық оңалту және (немесе) құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы әрекеттердің алдын алу бойынша іс-шаралар жүйесі;
- **Кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу** – әлеуметтік, құқықтық, педагогикалық және өзге де шаралар жүйесі, олардың мақсаты – қадағалаусыздық, баспанасыздық, құқық бұзушылық пен қоғамға қарсы іс-әрекеттердің себептері мен жағдайларын анықтау және жою, сондай-ақ жеке профилактикалық жұмыспен ұштастыра отырып жүзеге асыру.

2. Білім беру ұйымының өкілеттігі шегіндегі міндеттері

2.1. Денсаулығында шектеулері бар және (немесе) мінез-құлқында ауытқушылықтары бар не оқуда қиындық көріп жүрген кәмелетке толмағандарға әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық көмек көрсету;

2.2. Әлеуметтік қауіпті жағдайда жүрген, сабақтарға себепсіз қатыспайтын кәмелетке толмағандарды анықтау және олардың тәрбиеленуін, білім алуын

қамтамасыз ету;

2.3. Әлеуметтік қауіпті жағдайда жүрген отбасыларды анықтау және оларға балаларды тәрбиелеу мен оқытуда көмек көрсету;

2.4. Білім беру ұйымында спорттық секциялар, техникалық және өзге де үйірмелер мен клубтардың ашылуын қамтамасыз ету және оларға кәмететке толмағандарды тарту;

2.5. Заңға бағынатын мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған әдістемелер мен бағдарламаларды жүзеге асыру шараларын қабылдау.

3. Колледж ішіндегі профилактикалық есепке қою тәртібі

3.1. Есепке қоюдың негіздері:

- құқық бұзушылық жасауы және полиция органдарына жеткізілуі;
- оқу орны Жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін бұзу;
- сабақтарды себепсіз босату;
- қоғамдық орындарда спирттік ішімдік ішу;
- рұқсат етілмеген жерлерде шылым шегу;
- колледжге мас күйінде келу (алкогольдік, есірткілік немесе улану жағдайында);
- колледжге есірткі, уытты немесе алкоголь заттарын алып келу;
- оқу орнының немесе жеке меншік мүліктің бүлінуі;
- студенттерге, оқытушыларға немесе қызметкерлерге физикалық не моральдық қысым көрсету;
- балағат сөздер мен әдепсіз қимылдар жасау;
- оқу және тәрбие ережелеріне төзбеушілік таныту;
- гигиеналық және санитарлық нормаларды бұзу.

3.2. Есепке қою колледждің кураторлар кеңесімен келісім бойынша ғана жүзеге асырылады.

3.3. Есепке қою үшін Кеңеске келесі құжаттар ұсынылады:

- куратордың есепке қою туралы өтініші (нысаны қоса беріледі);
- кәмететке толмаған туралы мінездеме;
- үйіне бару туралы акт;
- жүргізілген профилактикалық жұмыс туралы анықтама.

3.4. Бұл құжаттар Кеңес хатшысына беріледі.

3.5. Кеңес отырысына ата-аналарды (заңды өкілдерді) шақыру туралы хабарлама хатшысы арқылы ресімделеді.

3.6. Хабарлама куратор арқылы ата-аналарға жеткізіледі.

3.7. Егер ата-аналар отырысқа келмесе, мәселе олардың қатысуынсыз қаралады, ал шешім жазбаша түрде хабарланады.

- 3.8. Есепке алынған кәмелетке толмағанға жеке есеп картасы ашылады, ол кәмелетке толғанға дейін сақталады. Картаны психолог куратор және тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасарымен келісіп жүргізеді.
- 3.9. Есептегі кәмелетке толмағанмен түзету және бақылау жұмыстарын психологтар тұрақты жүргізеді.

4. Өзара іс-қимыл

4.1. Кеңес қажет болған жағдайда полиция органдарына:

- Семей қалалық полиция басқармасының кәмелетке толмағандар істері бөліміне есепке қою жөнінде;
- әлеуметтік қауіпті отбасыларға бірлескен тексеру жүргізу туралы;
- кәмелетке толмағандармен профилактикалық әңгіме өткізу туралы өтініш білдіреді.

5. Есептен шығару тәртібі

5.1. Профилактикалық жұмыстың нәтижесі – кәмелетке толмағанды колледж ішкі есебінен шығару болып табылады. Бұл шешім қайта әлеуметтенуінің сәттілігіне, басқа қалаға көшуіне немесе кәмелет жасына жетуіне байланысты қабылданады.

5.2. Есептен шығару үшін Кеңеске келесі құжаттар ұсынылады:

- куратордың өтініші;
- кәмелетке толмағанның мінездемесі;
- профилактикалық жұмыс нәтижелері туралы анықтама;
- үлгерім мен қатысуы жөнінде мәлімет;
- психолого-педагогикалық мінездеме.

5.3. Отырыстарға ата-аналар шақырылуы мүмкін (белгіленген нысандағы хабарлама арқылы).

5.4. Есепке қою және есептен шығару мәселелері тек Кеңес отырыстарында қаралады. Шешімдер ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен қабылданады.

5.5. Барлық шешімдер хаттамамен рәсімделеді.

5.6. Есепке қою және есептен шығару туралы шешімдермен кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналары (заңды өкілдері) міндетті түрде таныстырылады.

6. Қосымша ақпарат

Құқық бұзушылықтардың алдын алу кеңесінің төрағасы Семей қалалық полиция басқармасымен өзара ақпарат алмасу тәртібі бойынша кәмелетке толмағандардың есепке алынуы туралы деректерді мерзімді түрде салыстырып отырады.